

Жалағаш ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 22 ақпандағы № 37-9 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 26 ақпанда № 6710 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 3 мамырдағы № 2-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 03.05.2023 № 2-4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

“Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі” Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы кодексінің 19-1-бабының 1), 2) тармақшаларына және “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жалағаш ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Жалағаш ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш аудандық мәслихатының
37-сессиясының төрағасы

М.ЖАМАНОВ

Жалағаш аудандық мәслихатының
хатшысы

М.ЕСПАНОВ

Жалағаш аудандық мәслихатының
2019 жылғы "22" ақпандағы
№ 37-9 шешіміне 1- қосымша

Жалағаш ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	1 есептік бірлікке жылдық нормасы, текше метр

1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	0,96
2	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,80
3	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,23
4	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,70
5	Емханалар	1 келіп кету	0,0003
6	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,90
7	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,10
8	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,47
9	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,12
10	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,04
11	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,03
12	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,065
13	Азық-түлік, өнеркәсіп тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 шаршы метр	0,36
14	Машиналардан сату	Сауда орнының 1 шаршы метр	0,24
15	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 шаршы метр	0,18
16	Вокзалдар, автовокзалдар	Жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,22
17	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 шаршы метр	0,19
18	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, автожанармай құю станциялары, гараждар	1 машина-орын	1,15
19	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,74

20	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,78
21	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,20
22	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,12
23	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,08
24	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,11
25	Ауданның аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды тұлғалар	1000 қатысушы	0,09

Жалағаш аудандық мәслихатының
2019 жылғы "22" ақпандағы
№ 37-9 шешіміне 2-қосымша

Жалағаш ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер

№	Атауы	Есептік бірлік	Бағасы (ҚҚС қоса) (теңге)
1	Тұрғын үйлерден тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету және көму	айына 1 адамға	80,29
2	Шаруашылық субъектілер-абоненттер үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкету	1 текше метр	667,68
3	Шаруашылық субъектілер-абоненттер үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды көму	1 текше метр	335,91

Ескерту: ҚҚС – қосылған құн салығы